

Түйінді сөздер: ішкі шаруашылық жер құрылысы, ауылшаруашылық мекемелер, ауылдық елді-мекен, жер шаруашылығы құрылысының жобасы, ауылдық елді-мекендер.

Key words: intra-farm land management, agricultural enterprises, rural settlement, project land management, rural settlements.

Шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобалары ауылдық елді-мекендер пунктерінің дамуына тікелей қатысты емес [2], алайда есептеулер өндіріс көлемінің артқанын анықтайды, ол қосымша еңбек ресурстарын тартуды жобалайды. Өзара

Шешім әр шаруашылық үшін нақты болып табылады. Алайда кез келген жағ-

дайда елді-мекендер пунктері территориясымен жүктер тасымалданады. Жерге орналастыру жобаларын жасауда осындай тасымалдаулар есепке алынбайды. Ауылдың ішімен жүктерді көптеп тасымалдаудың қажеті шамалы, сонымен қатар жүктерді тасымалдауға мүлдем тыйым салуға тағы болмайды. Сондықтан жүктерді жағымсыз жағдай туғызбайтындай етіп, аздап тасымалдаған жөн және де қысқа мерзімге ғана жарамды болып табылатын айналып жүретін жолдарды салуға шығынданудың қажеті тағы шамалы.

Нәтижесінде кенттің (поселканың) барлық көшелері бойынша транспорттың ұйымдастырылмаған ретсіз қозғалысы жүріп жатады. Кенттің (поселканың) жоспарлану құрылымы да пысықталмауда және көбінесе бұл жағдайларда балалар зардап шегеді, өйткені олардың үй маңында бірге ойнай алатын жалғыз орын көше болып табылады. Көшелер қатты жамылғысы жоқ, жүріс бөлігі тар болып келгендіктен, жүріс көп болады.

Кенттің (поселканың) жоспарлану құрылымын анықтау кезінде жобаларда жүкті елді-мекен үстімен немесе онымен қатар тасымалдауды ескеру қажет.

Бұдан басқа, көшелер тек жүктерді шаруашылық ішілік мақсатта тасымалдауға ғана арналмаған, сонымен қатар адамдарға тұрмыстық мақсатта қолдануға да арналған.

Қарқындылығы (интенсивтілігі) онша емес осындай қозғалыстар болуы мүмкін көшелер, кенттің (поселканың) жоспарлану құрылымын құрайды, яғни кентті (поселкені) дербес функционалдық құрылымға бөледі. Ондағы күнделікті пайдаланылатын мәдени-тұрмыстық мақсаттағы ғимараттар кіші жастағы балалардың ойын алаңдарына немесе бала-бақшаларға бару кезінде көшені қиып өтпеулеріне мүмкіндік береді.

Демек ауылшаруашылық өндірісі технологиясы кенттің (поселканың) жоспарлану құрылымын анықтайды.

Сонымен қатар, жүктермен қоса адамдарды ішкішаруашылық тасымалдау, негізінен тасымалдауды рәсімдеу үшін қажетті және жұмыс жасайтын халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін ғимараттар шоғырланған қоғамдық орталық алаңның орналасу орнын анықтайды. Ал бұл өз кезегінде қысқы уақыттарда, айналып өту жолдарын қоспағанда, тек қана көшелердегі қарды тазалауға мүмкіндік береді.

Шаруашылық ішілік тасымалдау жұмыстары жүргізілетін көшелер жолдарының жамылғысын қарастыру қажет және жасыл өсімдіктерді кеңейтіп отырғызу қажет.

Бірақ жолдың бағыты ғана маңызды емес. Ауылшаруашылық кәсіпорнында өндірісті дұрыс ұйымдастыру сонымен қатар кенттің (поселканың) дұрыс жоспарлану құрылымын жасау үшін, жыл бойы (уақыт

бірлігіне машина санымен) танаптарда және танаптардан жүк тасымалдау көлемін анықтау қажет. Мұнда кент (поселка) территориясы бойынша тасымалдау мүмкіндігі немесе қосымша айналма жол жобалау қажеттілігі нақты анықталады.

Бұл есептеулерді қандай жұмыстар құрамында жүргізген жөн? Жоспарлау және ауылдық елді-мекендердің жер шаруашылығын реттестіру жобаларында немесе ауылшаруашылық кәсіпорындарын ішкішаруашылық жерге орналастыру жобаларында?

Мұндай есептеулерді жасамастан, жоспарлау және ауылдық елді-мекендердің жер шаруашылығын реттестірудің, ауылшаруашылық кәсіпорындарын ішкішаруашылық жерге орналастырудың сапалы жобаларын жасау мүмкін емес. Бірақ, қазіргі уақытта жобаларды кешенді түрде әзірлеу жүргізілмеуіне байланысты, осыған ұқсас есептеулерді бірінші және екінші жағдайларда да жүргізу қажеттілігін мойындаған жөн.

Жергілікті тұрғындар үшін барлық жағдай жасалып, ескерілгендігіне көпірлік берілмейді [4]. Олар жерге орналастыру жобаларында өндіріске біршама үнемді және қолайлы жолдар желісін жобалауға мүмкіншілік береді [5], ол дегеніміз еңбекті ұйымдастыруды жақсартуға, уақытты және материалдық ресурстарды үнемдеуге мүмкіншілік береді.

Осы жұмыстардың үлкен мағынаға ие болуына және де көп уақыт алмайтындығына байланысты оларды жобалаудағы міндеттілердің қатарына қосу қажет.

Есептеулерді жүргізу тәртібі мен әдістемесі келесідей:

1. Есептеулер үшін қажетті мәліметтерді жинау:

1) өсімдік шаруашылығы бойынша;

▲ ауыспалы егістердің барлық түрлері бойынша дақылдардың кезектелуі;

▲ ауыспалы егіс танаптарының ауданы;

▲ егіс егу, жинау және барлық дақылдарды түптеу мерзімі;

▲ органикалық және минералдық тыңайтқыштарды енгізу мерзімі;

▲ дақылдарды себу нормасы;

▲ дақылдардың шығымдылығы;

▲ органикалық және минералдық тыңайтқыштарды енгізу нормасы.

2) мал шаруашылығы бойынша:

■ мал азығы қажеттілігі,

■ сауылған сүт,

■ қойма шаруашылығы бойынша:

■ жанар жағар май материалдарының

қажеттілігі,

■ құрылыс материалдары қажеттілігі.

2. Елді мекендер пунктері территориясының шамамен есебі

3. Көлік тасымалы көлемінің есебі

4. Алаңдардың ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеуге немесе сақтауға арналған

рындармен байланысының қолайлылығын, көлік қозғалысының қарқындылығын және жұмысқа барып-келу қолайлылығын ескере отырып, шаруашылық ішілік жолдарды жобалау.

5. Жер пайдаланушылық планының территориясына елді-мекен және өндірістік кешендер қажеттілігін, барлық транспорттық тасымалдауды ескере отырып орналастыру.

6. Кіру жолын, қоғамдық және мәдени-тұрмыстық ғимараттарды орналастыру жөніндегі ұсыныстарды ескере отырып, елді-мекеннің жоспарлану құрылымын анықтау (ауыл үстімен жүк қозғалысының бағытын көрсете отырып).

Аталған жұмыс осы мәселелерді зерттеу жерге орналастыру жобаларындағы кемшіліктерді көрсетеді.

Жерге орналастыру жобасында өндіріс технологиясын, оны ауыл құрылымымен байланыстыруды, ауылдық елді-мекеннің функционалды аймақталуын, тұрғын зонасының жоспарлану құрылымын негіздеуді, елді-мекеннің үстімен жүк тасымалдау рейсінің белгілі бір санын немесе оларды елді-мекеннен айналмалы жолмен шығаруды мұқият пысықтаған дұрыс болар еді.

Қорытынды: Жерге орналастыру жобаларын жасауда жерді пайдалану бойынша, әсіресе, елді-мекендер пунктері бойынша жолдар желісін негіздеуде жерді пайдалану жолдарында жүктердің қозғалу қарқындылығын міндетті түрде есепке алу қажет.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II (2016.30.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

2 Гендельман М.А., Қырықбаев Ж.Қ. Землеустроительное проектирование // Оқулық: ЭВЛЮ баспасы.- Алматы, 1999.- 583 с.

3 Методические указания по разработке проектов земельно-хозяйственного устройства сельских населенных мест // Под рук. д.с.-х.н. Оспанова Б.С. // Государственный комитет РК по земельным отношениям и землеустройству. – Алматы, 1997г. – 22 с.

4 Курманова Г.К., Курчинский З., Капаров Н.Г. Польшадағы ауылшаруашылық бағытындағы жерлерді пайдалану // Аграрлық нарық проблемалары.- Алматы.- 2016.- №1.- Б. 113-117.

5 Озеранская Н.Л., Московская Н.О. Учет агроландшафтного потенциала при обеспечении конкурентноспособности зернового производства агроформирований Акмолинской области // Проблемы агорынка. - 2015. - №3. –С. 90-98.

Pajdalynған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Жер кодексі 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II (2016.30.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

2. Gendel'man M.A., Qyryqbaev Zh.Q. Zemleustroitel'noe projektirovanie // Оқулық: JeVLJu baspasy.- Almaty, 1999.- 583 s.

3. Metodicheskie ukazaniya po razrabotke projektov zemel'no-hozjajstvennogo ustrojstva sel'skih naselennyh mest // Pod ruk. d.s.-h.n. Ospanova B.S. // Gosudarstvennyj komitet RK po zemel'nym otnoshenijam i zemleustroystvu. – Almaty, 1997g. – 22 s.

4.Kurmanova G.K., Kurchinskij Z., Kaparov N.G. Pol'shadary auylsharuashylyk barytyndary zherlerdi pajdalanu // Agrarlyk naryk problema-lary. – Almaty.- 2016. - №1. – B. 113-117.

5 Ozeranskaja N.L., Moskovskaja N.O. Uchet agrolandshaftnogo potenciala pri obespechenii konkurentnosposobnosti zernovogo proizvodstva agroformirovanij Akmolinskoj oblasti // Problemy agrorynka. - 2015. - №3. –S. 90-98.

